

**2005 жылғы 1 қыркүйектегі  
жағдай бойынша банктік емес ұйымдардың  
ағымдағы жағдайы**

2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша республикада 130 кредиттік серіктестік қызметті жүзеге асырды, жұмыс істеп отырған кредиттік серіктестіктердің 100-і Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Аграрлық секторды кредиттеу мәселелері туралы» 2001 жылғы 25 қаңтардағы № 137 қаулысын жүзеге асыру шеңберінде құрылды; 77 ломбард және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге 49 ұйым, оның ішінде 4 ипотекалық компаниялар жұмыс істеді.

№№	Ұйымның атауы Наименование организаций	01.01.2005	01.09.2005
1	Кредиттік серіктестіктер	83	130
2	Ипотекалық компаниялар	3	4
3	Ломбардтар	75	77
4	Басқа ұйымдар	43	45
<b>Жиынтығы</b>		<b>204</b>	<b>256</b>

**Активтер.** 2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша кредиттік серіктестік активтерінің жиынтық мөлшері өткен аймен салыстырғанда 2 389 млн. теңгеге немесе 10,3%-ке өсіп, 25 551 млн. теңгені құрады. Кредиттік серіктестік активтерінің құрылымында үлкен бөлікті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар – 86,8% және банктердегі салымдар – 10,7% алып отыр, банкаралық кредиттердің және бағалы қағаздар портфелінің үлесі елеусіз болды.

Ипотекалық компаниялардың жиынтық активтері бір айда 2 386 млн. теңгеге немесе 3,9%-ке өсіп, 2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 62 893 млн. теңге болды. Ипотекалық компаниялар активтерінің құрылымында үлкен үлесті заңды және жеке тұлғалардың заемдары (90,7%) алып отыр.

№№	Атауы	(млн. теңге)		
		01.01.2005	01.09.2005	
		Активтер	Активтер	Өсімі (%)
1	Кредиттік серіктестіктер	10 219	25 551	150,0
2	Ипотекалық компаниялар	39 005	62 893	61,2
3	Ломбардтар*	6 716	*	*
4	Басқа ұйымдар**	96 593	757 924**	8 рет**

**Кредиттік портфель.** 2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша кредиттік серіктестіктердің кредиттік портфелі құрылымында елеулі орынды стандартты кредиттер алып отыр, олардың үлесі 86,5% болды. Соңғы айда кредиттік серіктестіктердің стандартты кредиттерінің үлесі ұлғайды. (86,2%-тен 86,5%-ке дейін). Сонымен бірге

күмәнді кредиттердің үлесі 13,7%-тен 13,4%-ке дейін азайып, соңғы айда үмітсіз кредиттер үлесі өзгерген жоқ - 0,1% болды.

Ипотекалық компаниялар бойынша стандартты кредиттердің үлес салмағы 98,81%, күмәнді - 1,15%, үмітсіздер - 0,04 % болды. Ипотекалық компаниялардың кредиттік портфелі өткен есепті күнгі жағдай бойынша мына жағдайда көрінді: мұнда стандартты кредиттердің үлесі -98,65%, күмәнді – 1,31%, үмітсіз – 0,04% болды.

(млн. теңге)

№№	Атауы	01.01.2005	01.09.2005	
		Заемдар	Заемдар	Өсімі (%)
1	Кредиттік серіктестіктер	8 367	22 323	166,8
2	Ипотекалық компаниялар	35 307	57 069	61,6
3	Ломбардтар*	2 930	*	*
4	Басқа ұйымдар**	50 252	99 428**	97,9**

Жылдың өткен айында кредиттік серіктестіктердің жиынтық **міндеттемелерінің** жалпы сомасы 772 млн. теңгеге немесе 7,4%-ке өсіп, 2005 жылғы 1 қыркүйекте 11 173 млн. теңге болды. Кредиттік серіктестік міндеттемелерінің ең көп бөлігін алынған заемдар – 90,0% құрады, 2005 жылғы 1 тамызда олардың жиынтық міндеттемелердегі үлесі 91,7% болды.

Ипотекалық компаниялар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері бір айда 2 232 млн. теңгеге немесе 4,6 %-ке өсті және 2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 50 435 млн. теңге болды. Бұл ретте ипотекалық компаниялардың міндеттемелер құрылымында айналысқа жіберілген бағалы қағаздар (82,3%-ке) және басқа банктерден алынған заемдар (14,8%-ке) басым болғанын атап өткен жөн.

(млн. теңге)

№№	Атауы	01.01.2005	01.09.2005	
		Міндеттемелер	Міндеттемелер	Өсімі (%)
1	Кредиттік серіктестіктер	5 746	11 173	94,4
2	Ипотекалық компаниялар	34 139	50 435	47,7
3	Ломбардтар	2 566	*	*
4	Басқа ұйымдар**	73 879	198 977**	169,3**

**Капитал.** Кредиттік серіктестіктердің балансы бойынша жиынтық меншікті капитал бір айда 1 617 млн. теңгеге немесе 12,7%-ке өсіп, 2005 жылғы 1 қыркүйекте 14 378 млн. теңге болды.

Ипотекалық компаниялардың меншікті капиталы өткен аймен салыстырғанда 156 млн. теңгеге немесе 1,3%-ке өсіп, 2005 жылғы 1 қыркүйекте 12 459 млн. теңге болды.

(млн. теңге)

№№	Атауы	01.01.2005			01.09.2005		
		Меншікті капитал	Оның ішінде		Меншікті кап-л	Оның ішінде	
			Жарғылық капитал	Бөлінбеген таза кіріс (өтелмеген шығын)		Жарғылық капитал	Жарғылық капитал
1	Кредиттік серіктестіктер	4 473	3 164	183	14 378	12 209	245
2	Ипотекалық компаниялар	4 867	3 770	687	12 459	10 480	967
3	Ломбардтар	4 150	4 444	-257	*	*	*
4	Басқа ұйымдар	22 714	17 669	1 325	558947**	192 898**	1 719**

\* ломбардтар есеп беруді жылдық негізде ұсынады.

\*\* банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есеп беруді тоқсан сайынғы негізде ұсынады.

*Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі даярлады.*